



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

### 2020 жылғы 12 – 19 маусым аралығында жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2020 жылғы 22 маусым

Сауда-саттықтың қорытындылары бойынша 19 маусымда **теңгенің нарықтық бағамы** апта ішінде 0,1%-ға (403,38-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 403,79 теңге деңгейінде қалыптасты


Сыртқы валюта нарығында 2020 жылғы 12 – 19 маусым аралығындағы кезеңде бірқатар маңызды оқиғалар орын алды. Коронавирустың таралуына қатысты ахуалдың біркелкі болмауына орай АҚШ доллары бағамының жаһандық нығаюы аясында дамушы елдердің валюталары төмендеді. АҚШ-тың кей штаттарында ауру жұқтырғандар саны көбейіп, Пекинде коронавирустың қайтадан өршуі белгілі болды. АҚШ-тағы бөлшек сату сәуірмен салыстырғанда мамырда 17,7%-ға өсті. АҚШ-та жұмыссыздық бойынша жәрдемақыға арналған өтінімдердің саны бойынша апталық көрсеткіш экономистердің күткеніне қарағанда өте баяу бәсеңдеді (1,51 млн). Бразилияның, Индонезияның, Ресейдің орталық банктері мөлшерлемені төмендету туралы шешім қабылдады.

Дамушы елдер валюталарының<sup>1</sup> АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:


- **Ресей рублі** мұнай бағасының өсуі және компаниялардың салық төлемдеріне дайындалуы аясында 0,4%-ға (9,87-ден 69,56-ға дейін) нығайды. РFOB негізгі мөлшерлемені 4,5%-ға дейін 100 б.т. төмендетті;
- **Индонезия рупиясы** 0,2%-ға (14 133-тен 14 100-ге дейін) нығайды. Индонезия банкі негізгі мөлшерлемені 4,25%-ға дейін 25 б.т. төмендетті және 2020 жылғы экономиканың өсу болжамын 0-1% аралығына дейін түзетті;
- **үнді рупиясы** Үндістан мен ҚХР арасында даулы шекарадағы әскери қақтығыстар аясында 0,4%-ға (75,85-тен 76,19-ға дейін) әлсіреді;
- **түрік лирасы** АҚШ доллары бағамының жаһандық нығаюы аясында 0,6%-ға (6,81-ден 6,85-ке дейін) әлсіреді;
- **Оңтүстік Африка ранды** коронавирустың екінші сатысына қатысты қауіп аясында 1,5%-ға (17,08-ден 17,33-ке дейін) әлсіреді;
- **Мексика песосы** АҚШ-та жұмыссыздар санының біршама төмендегені туралы деректердің шығуынан тәуекел-сентиментінің нашарлауы аясында 1,7%-ға (22,26-дан 22,63-ке дейін) әлсіреді, бұл экономиканың баяу қалпына келетінін білдіреді.
- **Бразилия реалы** ОБ-ның АҚС жеңілдету туралы шешімінің (базалық мөлшерлеме 2,25%-ға дейін 75 б.т. төмендеді) және елде коронавирустың таралуының жалғасуы аясында 5,1%-ға (5,05-тен 5,31-ге дейін) әлсіреді.

<sup>1</sup>АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары



**Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2020 жылдың басынан бастап 2020 жылғы 19 маусым аралағында)**



**Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2020 жылғы 12 маусым - 19 маусым аралағында)**



**Дамушы елдер валюталарының серпіні (2020 жылғы 5 маусым=100, индекс өсімі – валютаның нығаюы)**



**Толығырақ ақпарат БАҚ өкілдері үшін мына телефондар арқылы қолжетімді:**

+7 (727) 2704 591 (3930)

+7 (727) 330 24 52 (1452)

+ 7 (727) 2704 596 (1596)

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)